

Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар жөнінде анықтама

«Дарын» ЖК «Happy kids» балабақшасында «Пчелки» МА, «Достық» ересек және «Балапан» ортаңғы топтарында тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында ата-аналармен жүйелі түрде жұмыс жүргізіледі. Бұл жұмыс баланың дамуын қолдау, бақылау және отбасымен бірлескен тәрбиелік ортаны қалыптастыруға бағытталған. Жұмыс төмендегі бағыттар бойынша іске асырылады:

1. Балалардың күнделікті жетістіктері туралы ақпарат беру

Балалардың күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекетке (ҰІӨ), ойын, серуен және режимдік сәттерге қатысуы тұрақты бақылауға алынады. Тәрбиешілер әр баланың белсенділігі, тапсырмаларды орындауы, коммуникативтік әрекеті және дағдыларды меңгеруі туралы ақпаратты тіркеп отырады.

Ата-аналарға баланың күнделікті жетістіктері туралы мәлімет жеке әңгімелесу, хабарлама, чат немесе кері байланыс арқылы тұрақты түрде жеткізіледі.

2. Балалардың даму ерекшеліктерін бақылау және талдау

Баланың даму деңгейі ҰІӨ барысында және күнделікті іс-әрекетте жүйелі түрде бақыланады. Танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалдық, шығармашылық және физикалық дағдылар бойынша даму динамикасы талданады.

Педагогтар балалардың жеке даму картасын жүргізіп, нәтижелерді талдау негізінде ата-аналарға түсіндірме жұмыстары мен ұсынымдар береді.

3. Тәрбиелік бағыттағы жұмыстарды түсіндіру

Ата-аналарға баланы тәрбиелеудің негізгі бағыттары бойынша әдістемелік түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Олардың қатарында:

салауатты өмір салтын қалыптастыру;
тәртіп және жауапкершілік дағдыларын дамыту;
ұлттық құндылықтарды дәріптеу;
тілдік және қарым-қатынас дағдыларын дамыту;
өзіне-өзі қызмет көрсету және еңбек дағдылары.

4. Жеке кеңестер беру

Әр балаға қатысты жеке педагогикалық кеңестер жүйелі түрде беріледі. Кеңес беру барысында баланың жеке даму ерекшеліктері ескеріліп, оны қолдау және дамыту жолдары ұсынылады. Қажет болған жағдайда тар мамандардың (педагог-психолог, логопед және т.б.) кеңесі беріледі.

5. Жеке әңгімелесулер ұйымдастыру

Ата-аналармен жеке әңгімелесулер жоспарлы түрде және қажет болған жағдайда өткізіледі. Әңгімелесу барысында баланың ҰІӨ-дегі белсенділігі, мінез-құлқы, қарым-қатынасы және даму ерекшеліктері талқыланып, бірлескен шешімдер қабылданады.

6. Қорытынды

«Пчелки» МАД, «Достық» ересек және «Балапан» ортаңғы топтарында ата-аналармен жүргізілетін жүйелі жұмыс баланың жан-жақты дамуына, отбасы

мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға және сапалы тәрбие беруге бағытталған.

Менгеруші:

Handwritten signature

Н.А. Байхатова

